# NURA

СӨЗ АТАСЫ – АҚИҚАТ

№18 (5564)
12 мамыр
2018 жыл

Газет 1932 жылдан бастап шығады

Аудандық қоғамдық – саяси газеті


*Президент*

## Нұрсұлтан Назарбаев: Алматы облысы аграрлық салада бәріне үлгі болып отыр

Мемлекет басшысы отандық БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізіп, өңірді дамытудың негізгі бағыттары және жұмыс сапарының қорытындылары бойынша облыс басшылығына берілген тапсырмалар жөнінде айтты.

– Менің тапсырмаларымның бәрі облыста толық орындалуда. Бұл өңірдегі жұмыстардың бастамасы жақсы деп санаймын. Үш жылда 3 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Тек былтырдың өзінде 35 мектеп салынды, – деді Елбасы.



Сонымен қатар Қазақстан Президенті «Бес әлеуметтік бастаманың» өңірдегі іске асырылу барысына оң баға беріп, облыстың туристік әлеуетін дамыту қажеттігі туралы айтты.

– Жұмыс сапарым барысында Алакөлге барып, оның туристік кластерімен таныстым. Барша қазақстандықтарға бізде тамаша демалыс орны бар екенін айтқым келеді. Бұл жер осыған дейін игерілмеген болатын. Оның инфрақұрылымы да, қонақ үйлері де болмаған еді. Бүгінде бұл өңірде бизнес өкілдері белсенді түрде жұмыс істеуде. Көлдің жағасында әлемдік стандарттарға сай келетін бес жұлдызды қонақ үй салынды, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев өңірдегі инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың қазіргі нәтижелері мен алдағы жоспарлары жөнінде әңгімеледі.

– Мемлекет «Алматы – Талдықорған» бағыты бойынша тамаша жол салып берді. Бұл Алакөл арқылы Шығыс Қазақстанға апаратын өтпелі жол болады. Жол салудың арқасында көп жұмыс орны ашылады, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, Елбасы өңірдің негізгі экономикалық көрсеткіштері оң қарқын алып отырғанын атап өтіп, облыстың даму барысына тоқталды.

– Алматы облысы, әсіресе аграрлық салада, бәріне үлгі болып отыр. Өңір экономикасы 4,2 пайызға өсті, бұл еліміздегі орташа көрсеткіштен жоғары. Ауыл шаруашылығы мен құрылыс салалары өркендеп, іске қосылған әлеуметтік нысандар көбейіп келеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен бірге Қазақстан Президенті облыс басшылығы тарапынан ерекше назар аударуды қажет ететін міндеттерге тоқталды.

– Облыстың бүкіл экономикасы 3-4 ауданда шоғырланған. Оның өзі тек өнеркәсіпті қамтиды. Осы аудандар өңір экономикасының 70 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Басқа аудандар баяу дамуда, осы мәселеге назар аудару керек, – деді Елбасы.

Сонымен қатар Нұрсұлтан Назарбаев осы өңірде мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу секторын дамыту қажеттігі жөнінде айтты.

**baq.kz**

*Туған жер*

АСТАНА – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛОРДАСЫ!

## Батырын ұлықтады

**Астана қаласының 20 жылдығы қарсаңында, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Нұра ауданының 90 жылдық мерейтойына орай Ұлы Отан соғысының ардагері, нұралық батыр, “Даңқ” орденінің толық кавалері Мүтәш Сүлейменовке туған ауылында ескерткіш тақта орнатылды.**




Нұра ауданы Кертінді ауылының тумасы, Қарағанды қаласы мен Нұра ауданының Құрметті азаматы, осы ауылдан қан майданға аттанып, ерлікпен елге оралып, туған жерде ұстаздық еңбек еткен батырға үлкен құрмет көрсетілді. Бүгінгі күні батырдың атымен аталатын мектеп ауласына ескерткіш тақта орнатылып, салтанатты ашылу рәсімі Жеңіс күніне тураланды.

- Қатардағы жауынгерлерге ғана берілетін «Даңқ» орденінің үш бірдей иегері атанған жауынгер “Кеңес Одағының Батыры” атағымен пара-пар деген қағида бар. Жалпы «Даңқ» орденінің кавалері атағын майдан даласында 240 жауынгер иеленсе, соның 110 жауынгері - Қазақстан жерінен аттанған батырлар. Біздің Мүтәш Сүлейменов ағамыз осы батырлар қатарынан болғандығы - біз үшін мақтаныш, - деп тілек білдірді аудан әкімі Ниқанбай Омарханов.

*жалғасы 6-бетте*

*Иман айнасы*

## Рамазан - кешірім айы




Алла Тағаланың мұсылман құлдарына қасиетті етіп берген бірнеше күндері мен айлары бар. Қасиетті айлардың бірі әрі бірегейі – Рамазан айы. Рамазан айының ерекшелігі сол – мүміндер бұл кезде бір ай бойы ораза ұстайды. Рамазан – мейірімділік, қайырымдылық, сабырлық, кешірімділік пен тақуалықтың және нәпсіні тәрибиелеу, өз-өзіңе есеп беру айы. Рамазан – айлардың сұлтаны, күнәлардың кешірілетін, мың айдан да қайырлы Қадір түні бар шоқтығы биік ай. Құран Кәрімде Алла Тағала мүміндерге ораза тұту жайында былай дейді: «Әй, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды. Әрине, сақтанарсыңдар». Негізі ораза ұстаудың рухани һәм денсаулыққа пайдалары өте көп. Рухани пайдаларының бірі адам баласын сабырлыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Өйткені пенде күнін Алла Тағалаға иман еткен күйде аштықпен, шөліркеумен өткізеді. Пенде адамның ашуын тудыратын қандайда бір келеңсіз жайттарға тап болса, «Мен оразамын» деп сабырға келеді. Жалпы мұсылман қоғамында осы Рамазан айында қылмыс азаятыны белгілі. Өйткені Алланың мұсылман пенделері өзін және өзгелерді жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыяды. Нәпсісін тізгіндейді, мейірімді, кешірімді болады. Құран Кәрімде Алла Тағала: «Олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірім етушілер. Алла Тағала жақсылық етушілерді сүйеді», – деп бұйырған. Пайғамбарымыз бір сөзінде: «Кім Рамазан айының оразасын шын иман және ықыласпен ұстаса, оның бұрын істеген күнәлары кешіріледі», – деген. Сондай-ақ, Алла Елшісі (с.ғ.с) тағы бір хадисінде: «Рамазанның басы – рақмет, ортасы – кешірім, соңы – тозақ отынан құтылу», – деген екен. Ал, Алла Тағала пендесін бар күнәсына қарамастан, осылай кешіріп тұрса, онда құлға жарасқаны өзге құлдарды да кешіре білу емес пе?! Пайғамбарымыз өзінің бір хадисінде үмметін былай деп сүйіншілейді: «Кімде-кім Рамазан айында шынайы сеніммен, сауапты бір Алладан ғана күтіп, ораза ұстаса, бұрынсонды жасаған күнәлары түгелдей кешіріледі». Қараңызшы, шынайы сеніммен бір ай ораза ұстасаңыз болғаны, әлемдердің Раббысы сіздің барлық күнәларыңызды кешіруге дайын.

*жалғасы 3 бетте*

*Посвящается Великой Победе*

## У Вечного огня…

9 мая 2018 года в Нуринском районе прошли памятные мероприятия, посвященные 73-ей годовщине Победы 1945 года СССР в Великой Отечественной войне над фашистской Германией.



Празднование Дня Великой Победы началось у монумента воинской славы, где в почетном строю стояли представители трудовых коллективов, общественности, жители районного центра.

По центральной улице Тауелсіздік к Вечному огню у монумента павшим воинам в годы Великой Отечественной войны прошло шествие ставшего уже традиционным в нашем районе «Бессмертного полка», где люди разных поколений - молодежь, учащиеся школ, члены семей - пронесли портреты отцов, дедов и прадедов - ветеранов, погибших на полях сражений, ушедших из жизни в мирное время.

Состоялся памятный митинг по павшим защитникам Родины. Минутой молчания собравшиеся почтили память погибших на фронтах Великой Отечественной. Прозвучал памятный залп в честь воинов – героев, произведенный почетным караулом.

*продолжение на стр. 6*

*Нұра-Ақпарат*

# Кәсіпкерлерге талап күшейді

4 мамыр күні аудан әкімі Н.Омарханов кент кәсіпкерлерімен кездесу өткізді. Кездесудің басты мақсаты - еліміздің елеулі мерекесі - Астананың 20 жылдығы және Нұра ауданының 90 жылдық мерейтойына дайындық іс-шаралар жоспарына кіретін елді мекендерді абаттандыру, тазалық сенбіліктерін өткізу сұрақтарын талқылау. Жергілікті қауымдастық, қоғамдық кеңес, мәслихат депутаттары, бөлім және мекеме басшылары қатысқан жиында тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы О.Әубәкіров ауылдарда тазалық сақтаудың заңды талаптарымен, жеке және заңды тұлғалардың осы бағыттағы міндеттерімен таныстырды.

Кент аумағында атқарылып жатқан жұмыстар – спорт және балалар ойын алаңдарын орнату, көшелерді жарықтандыру, жөндеу және ауданымыздың мерейтойына арналған бастамалар туралы айта отырып, кент әкімі Б.Құдайбергенов 21-ші сәуірден ұйымдастырылып жатқан тазалық сенбіліктеріне тек қана бюджеттік қызметкерлер қатысып, осы маңызды іс-шараларға кәсіпкерлердің мүлдем қатыспайтындығын үлкен өкінішпен тілге тиек етті. Аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес, 2 мамырда арнайы топ санитарлық тазалық бойынша кент нысандарын, тұрғын үйлер және олардың іргелес аумақтарын тексеріп шықты. Кент бойынша тазалық сенбілік күндері көп жұмыс атқарылып, аудан бойынша 940 ағаш, 1500 бұта отырғызылыпты. Бірақ бұл жұмысқа да шағын және орта бизнес өкілдерінің қатысы жоқ сияқты. Тал екпек түгілі, кейбір сауда орындарының кіре берісі, көп дүкендердің маңайы ластанып кеткені көрініп қалды.

Санитарлық тазалықты қадағалау жергілікті полиция қызметінің іс-әрекетіне де байланысты екенін атап өткен аудан әкімі полиция басшысына қатаң шара қолдануға, тіпті 1 маусымға дейін тазалықты сақтамағандарға айыппұл салуды тапсырды. Аппарат басшысына тазалық сенбіліктеріне қатыспай жүрген мекеме және кәсіпорын басшыларына да шара қолдану тапсырмасы берілді. Сонымен қатар, аудан экономикасында лайықты орын алып отырған кәсіпкерлердің осындай атаулы мерекелерге дайындық жұмыстарынан тыс қалып жатқанын аудан әкімі Н.Омарханов атап өтті. Жеке кәсіпкерлерге қоятын бір-ақ талап – өздерінің сауда орталықтарының маңайын тазалап, кіре беріс жағын жөндеп жарықтандыру.

Қазіргі уақытта «Нұра ауданының 90 жылдығына 90 игі іс-шара» бастамасын қолдап, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымдарын әрі қарай дамытуға үлес қосу жұмыстары басталып та кетті.

Шағын және орта бизнес өкілдері де өздерінің лайықты үлестерін қосатынына сенім білдірген аудан басшысы осы сұрақты бір айдан кейін қайта қарастыру бойынша тапсырма берді.

**С.Сатыбалдин**




*Бәрекелді!*

# Талаптыға нұр жауар

Мектеп деген ортада әрбір ұрпақ тәрбиелеп жатқан ұстаз қауымы үкілеп қосқан ұландарының алда келуін, сүрінбей жетуін, сынақтан өтуін армандайды. Шәкірті жақсы болып, атағын аспандатып жатса, ұстаз еңбегінің мүлтіксіз орындалуы мен оқушының сол іске деген талабының шыңдалып, нәтиже көрсеткені болып табылады. Иә, «Алаштың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» демекші, мектебіміздің 9-қазақ сынып оқушысы Ережепова Жасмина бойына біткен дара ерекшелігі, спортқа деген қызығушылығымен алдына қойған мақсатын адал атқарып, мектебімізге талай рет жүлде алып берді.

Мектептегі спорттық жарыстарға, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, теннис, тоғызқұмалақ, волейбол ойындарынан аудандық жарыстарға қатысып, теннис ойынынан аудан бойынша I орынға ие болса, облыстан II орынға ие болды. 2017-2018 оқу жылының 27-ші қазанында өткізілген облыстық спартакиадада үстел теннисінен III орынға лайықталып, сәуір айында Тараз қаласында өткен Республикалық жарысқа жолдама алып, мектебіміздің абыройын асқақтатты. Бойындағы батылдығы, мақсатқа талпынысы, мойымайтын табандылығы - бәрі жеңіске жету жолында ықпал ететіндігі сөзсіз. Жеңіске жігерлендіріп, баптап отыратын тәрбиешісі Д.Б.Баймақанов талай жарыстарда жүлдегер болуына себепші болса, отбасында әжесі Абилова Салтанаттың бір емес, бес бірдей балаға тәлімді тәрбие беріп, қоғамға қосып отырған адал еңбегінің жемісі деуге болады. Бәріне қамқор болып, қанатының астында қорғап, атадан келе жатқан тектілікті тәрбие тамырын бойларына сіңіріп, талаптарын ұштап, тарыдай шашылған жандарды бір ортада ұстап отырған әженің арқасында алаңсыз оқып, білім алып, спортпен шұғылданып отырған дарынды ұрпақ жеңіс тұғырынан көрінді. Жасминаның талабын өзгелерге үлгі ете отырып, жеңісті күндері көп болсын деп тілейміз.

**Тоқан Сәбира**
**Майоровка ауылы**




*Благоустройство*

# “Чистый четверг”

10 мая 2018 года в районе состоялась очередная акция «Чистый четверг» в рамках проводимого двухмесячника по благоустройству, санитарной очистке и озеленению населенных пунктов.

В этот день, согласно информации аппарата акима п. Нура, было высажено 10 000 цветов на площади Тәуелсіздік, возле монумента Славы, памятника С.Сейфуллину, у здания аппарата акима Нуринского района.

По улицам им. Кунаева, Абая была произведены уборка мусора, а также работы по раскорчёвке пней деревьев и демонтаж неиспользуемых пасынков опор линий коммуникаций с последующим их вывозом. В поселке очищено порядка 1,5 га территории, вывезено более 100 м3 мусора, а также произведена побелка деревьев, пасынков в количестве 1200 штук.

**Собст. инф.**









*Рухани қазына*

# Ұлттық рухтың өлшемі

Тәуелсіздік алғалы бері, еліміз әлемдік саясаттың сан қилы қитұрқылығынан ақылмен өтіп, жаһанға бейбітсүйгіш ұранды үлгі етіп келеді.

Ақмешіт модельді ауыл кітапханасында толқыны кеңінен көрсетілген. Кітап еліміздің жаңа тарихын тұтас қамтыған, мазмұны аса бай 4 бөлімнен тұрады.

Нақтырақ айтқанда, «Мемлекетіміздің дүниеге келуі. Қазақстанның бірінші



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты жаңа кітабын халыққа насихаттау, талқылау мақсатында «Ұлттық рухтың өлшемі» атты дөңгелек үстел өткілді. Бұл шараға ауыл әкімі Сейтқалиев А.Ш., әкімшілік аппаратының бас мамандары, ауыл имамы, С.Талжанов орта мектебінің директоры Сулейменова Г.А., мектеп мұғалімдері және дәрігерлік амбулатория қызметкері Аршкенова С.Е., 9-11 сынып оқушылары қатысты. Елбасының жарық көрген кітаптарына көрме ұйымдастырылды.

Кітапханашы Мустафина Б.А. жаңа туындыға арқау болған егемен мемлекеттің негізі қаланған күннен бастап, оның қалыптасу кезеңдерінің ерекшеліктері мен 26 жылдық Тәуелсіздік дәуіріндегі ішкі және сыртқы сын-қатерлерді еңсеруге байланысты қабылданған шешімдердің мән-мазмұны мен тетіктерін егжей-тегжейлі баяндап берді.

Сондай-ақ, кітапта «қазақстандық даму үлгісінің» табиғаты мен оның эволюциясы, басты ұстанымдары мен қозғаушы күштері сараланған. Қазақстанды жаңғыртудың үш жаңғыруы (1991-1995 жылдар)», «Ұлы бетбұрыс. Қазақстанның екінші жаңғыруының басталуы (1996-1999 жылдар)», «Қияға құлаш сермеу. Қазақстанның екінші жаңғыруы (2000-2010 жылдар)», «Қалыптасқан мемлекет. Қазақстанның үшінші жаңғыруы (2010-шы жылдар)» бөлімдері оқырман қауымның назарына ұсынылып отыр. Кітапта әр бөлімнің өзі бірнеше бөліктерге бөлінген. Олардың да атауларына зор мән беріліп, жаңа тарихымыз бен қазақстандық құндылықтардың дәуірлік оқиғалары нақты әрі дәл суреттелген.

Болашаққа бағдар құрып, еліміздің сәулелі келешегін көздейтін жастар үшін ең маңызды кітаптың бірі Елбасының осы еңбегі деп айтар едім. Бұл кітап біздің жастарымызды өз тарихын құрметтей отырып, патриоттық сезімге тәрбиелейтін құнды еңбек болып табылады.

**Б.А. Мустафина**
**Ақмешіт модельді ауыл кітапханашысы**

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті келесі мәселелер бойынша қабылдау жүргізеді

- мемлекеттік қызметке орналасу және өткеру;
- мемлекеттік қызметтер көрсету;
- мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру.

**Департамент басшысының және оның орынбасарларының азаматтарды ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

| № | Азаматтар мен кәсіпкерлерді қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы | Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ж. | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Байланыс ақпараты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Департамент басшысы – Әдеп кеңесінің төрағасы | **Сәрсенов Жандос Шералыұлы** | Апта сайын дүйсенбі және бейсенбі күндері сағат 16.00-18.30 аралығында | 50-33-83 |
| 2 | Департамент басшысының орынбасары - Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі | **Ахметов Берік Мұхамеджанұлы** | Апта сайын сейсенбі және жұма күндері 16.00-18.30 аралығында | 50-33-83 |
| 3 | Департамент басшысының орынбасары | **Медет Талант Бақбергенұлы** | Апта сайын сәрсенбі және жұма күндері сағат 16.00-18.30 аралығында | 50-33-83 |
| 4 | Әдеп жөніндегі уәкіл | **Шахмерденов Айдын Бағдатұлы** | Күнделікті сағат 09.00-18.30 аралығында | 50-40-75 |

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Басқарма басшылары күнделікті 09.00-18.00 аралығында қабылдау жүргізеді.

## Департамент агентства республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области проводит прием граждан по вопросам

-поступления и прохождения на государственной службе;
-Оказания государственных услуг;
-соблюдения государственными служащими норм служебной этики;
-реализации антикоррупционной политики.

**ГРАФИК ПРИЕМА**
**граждан руководителем департамента и его заместителями**

| № | Должность лица, проводящего прием граждан и предпринимателей | Ф.И.О. лица, проводящего прием граждан | Дата и время приема граждан | Контактные телефоны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Руководитель департамента - председатель Совета по этике | **Сарсенов Жандос Шералыевич** | Еженедельно по понедельникам и четвергам с 16:00-18:30 ч. | 50-33-83 |
| 2 | Заместитель руководителя департамента | **Ахметов Берик Мухамеджанович** | Еженедельно по вторникам и пятницам с 16:00-18:30 ч. | 50-33-83 |
| 3 | Заместитель руководителя департамента | **Медет Талант Бакбергенович** | Еженедельно по средам и пятницам с 16:00-18:30 ч. | 50-33-83 |
| 4 | Уполномоченный по этике | **Шахмерденов Айдын Багдатович** | Ежедневно с 09:00-18:30ч. | 50-40-75 |

Руководители управлений департамента агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции Республики Казахстан по Карагандинской области принимают ежедневно с 09:00 – 18:00 чч..

*Экстремизм мен терроризмнің алдын алу*

# Діни сауатсыздық – діни экстремизмнің бастауы

10-11 мамыр күндері ауданымыздың бірқатар елді мекендерінде ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында діни экстре-

Басқосулар барысында “Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы ” Заңы туралы мағлұмат беріп, дін мен діни идеологияның ара жігі ту-



мизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған кездесулер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, бейсенбі күні «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігінің теологы Санжар Момынжановтың қатысуымен аудан орталығының мектеп түлектері, Байтуған орта мектебінің ұстаздары, оқушылары және Қарой ауылының тұрғындарымен, ал жұма күні Нұра кентінің мекеме ұжымдарымен кездесу өткізілді.

ралы түсіндіре отырып, оның сипаттары мен ерекшеліктерін баяндап өтті. Кездесуге қатысушылар да тақырыпқа сай білгендерін ортаға салып, түсінбеген мәселелерді маманнан сұрап, діни танымдарын арттырып, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер туралы түсініктерін кеңейтті.

**Олжас Бексұлтанов**

*Иман айнасы*

# Рамазан - кешірім айы

*Жалғасы, басы 1-бетте*

Бұл – тек Мұхаммед үмметіне берілген асыл сый. Өйткені, Алла Елшісі (с.ғ.с) өзінің “Құдси” хадисінде ораза тұтқан адамның Алла алдында орны ерекше екенін былай жеткізеді: «Ұлылығы шексіз Алла Тағала: Адам баласының ұстаған оразасынан басқа барлық амалдары өзіне. Ал оразаның жөні бөлек. Өйткені, ораза Менің разылығым үшін ұсталады. Сондықтан да оның қарымын (сауабын) Өзім беремін», - деген.

Пайғамбарымыз тағы бір хадисінде: «Ораза ұстаушының екі үлкен қуанышы бар: ауыз ашқанына қуанады және Раббысымен қауышқанда ораза ұстағанына қуанады, – деген.

Рамазан – сауап жасау, мол мүмкіндік, рухани тұрғыдан өз-өзіңді жаңарту, жаңғыру айы.

Алла елшісі былай деді: «Аузы берік кісіге ауыз аштырғанға ораза ұстағанның сауабындай сауап беріледі. Бұдан ораза ұстаушының сауабы еш кемімейді».

Ораза айы – күнәдан тазару айы. Алла Елшісі былай дейді: «Ораза – қалқан. Пенде ораза ұстаумен тозаққа қалқан қояды». Осы хадистегі «қалқан» біздің сабыр-шыдамымыз болып табылады. Пайғамбарымыз тағы бір хадисінде: «Ораза – сабырдың, сабыр болса – иманның жартысы», – деген. Демек, ораза иманнан туындайды. Иман тозақтан сақтайды. Мұсылман иманының қуатына қарай қылмыс пен күнәдан бойын аулақ ұстайды. Жүйкесін жұқартпайды, ашуын ақылға жеңдіре алады. Ораза ұстап, аш жүрген кезде нәпсі қозбайтындықтан, адамның сабыр сақтауы көп қиындық туғызбайды. Аяқасты тап болатын түрлі қиындықтарға шыдамдылық танытуда оразаның берер пайдасы көл-көсір. Оразамен аштыққа, шөлге, т.б. түрлі ауыртпашылықтарға шыдай алған адам тосын жағдаяттарға тап болғанда сағы сына қоймайды. Ораза қиындықтарға шыдауға әбден шыңдалған, нәпсісіне ие бола алатын, ақиқатты өмірлік ұстаным деп біліп, одан таймайтын сегіз қырлы, бір сырлы әмбебап адамдарды тәрбиелеуде үлкен рөл ойнайды. «Сабыр еткендерге Алланың қайтарар сыйы қисапсыз».

Бағана бір сөзімізде айтқандай, Пайғамбарымыз: «Сабырлықтың жартысы ораза ұстаудан тұрады», – деп өсиет қалдырған. Рамазан айында ораза арқылы төзімділік, шыдамдылық, сабырлық, жанашырлық, тақуалық секілді ізгі қасиеттерді өн бойымызға жинауға тырысамыз. Рамазан – қайырымдылық, мейірімділік, ізгі амалдардың еселене жасалатын уағы. Сол арқылы сауабымыз артып, күнәларымыз кешіріледі. Алла Тағала жасаған ғибадаттарымыз бен тақуалығымызға орай жұмақ нығметтерін сыйға тартады. Бұл жайында хадис шәріпте былай делінеді: «Адамдарды жаннатқа кіргізетін нәрсе – тақуалық пен көркем мінез». Ал, осы шынайы тақуалықты адам баласы Рамазан айында сезінеді. Ал, ондай кісі жаннатқа лайық. Осы хадисте баяндалғандай, жұмаққа лайықты адамның келесі қасиеті ол – көркем мінез. Көркем мінез нәпсіні тізгіндеуден, тақуалықтан туындайды. Өзін-өзі басқаруы күшті, нәпсісі тәрбиеленген адамның мінез-құлқы да таша. Ондай адам сабырлы, мейірімді, жомарт келеді. Басқаға хасат (қызғаныш) қылмайды, күндес болмайды, зұлымдық, жамандық жасамайды. Ораза ұстаған адам нәпсісін басқара білуі, мінез-құлқын көркемдеу және тілін жаман сөздерден тыю арқылы оның бойы күнә-кемшіліктерден тазарып, Алланың рақметі мен мағфиратына бөленіп, жаннатқа лайықты ізгі жанға айналады. Ораза – ішіп-жеу және шаһуаттан тыйылу арқылы орындалатын құлшылық. Ал, тамақ мен жыныстық сезім адамзатты азғыратын, жолдан тайдыратын нәпсі нөкерлері десек болады. Нәпсі – адамның ішкі жан-дүниесі, рухына азық болатын нәрселерден гөрі тәнге азық болар нәрселерге үгіттейді. Оразаның тағы бір пайдасы осы нәпсінің екі нөкерін тізгіндеуіне септігін тигізеді. Нәпсісін тізгіндеп, өз-өзін басқара білген адамды тақуа дейді. Пенде оразаның арқасында нәпсісін толықтай ауыздықтап, өзі де Ұлы Жаратушының алдында шынайы мойынсұнған құлға айналмақ. Ораза тұтқан кез-келген жан өзінің ораза ұстамаған бұрынғы бейғам күндеріне қарағанда тазалықты, пәктікті сезінеді. Яғни, ешнәрсеге, тіпті бір жұтым суға да қол соза алмауы барлық нәрсенің Иесі бар екенін, өзінің әлсіз құл екенін түсінеді. Осыдан барып ол өзінің барынша әлсіздігі мен мұқтаждығын сезініп, Алланың рақымдылығына қарай бет түзейді. Сондықтан, нәпсісін тежеп жасалған тарыдай ғибадат ықылассыз орындалған таудай құлшылықтан артық. Баяғы өткен данышпандардың бірі: «Нәпсісін ақылына тізгіндеп бере алған адам мақсатына жетеді. Ал, ақылын нәпсісіне тұтқын етіп берген кісі жолда қалады», – деген екен. Алла Тағала періштелерді жаратып, оларға тек ақыл, жануарлар әлемін жаратып, оларға тек нәпсі берген. Ал, адамзатты жаратып, ақыл мен нәпсіні қоса берген. Періштелерде нәпсі болмағандықтан, Алланың әмірін бұлжытпай орындайды. Жануарларда тек нәпсі ғана болғандықтан, олардың бар мақсаты – қарынды тойдырып, жыныстық сезімін қандыру қамында ғана өмір сүреді. Ал, адам баласында періштедегі ақыл да, жануардағы нәпсі де бар. Адамзаттың періште мен жануардан айырмашылығы мына дүниеге сынақ үшін келген. Сондықтан адам қаласа, ақылымен періштелер дәрежесін бағындырады немесе нәпсіқұмарлыққа салынып, жануарлар секілді қарын мен жыныстық сезімінің қамын ойлаумен күн кешеді. Демек, адам ақылға ерсе, дәрежесі артады, ал нәпсісіне ерік берген адамгершілігінен айырыла береді.

Құрметті халайық! Әрине, оразаны хадисте келгендей, иман келтіріп, бір Алланың ғана разылығы үшін ұстауымыз қажет. Дегенмен де, Раббымыз бір құлшылықтың өзінде бізге қаншама пайдалы сый берген екен. Сол үшін де ораза нығметін дұрыс пайдаланайық.

Алла Тағала Рамазан айын бізге Өзі разы болатындай пайдалы өткізуді жазсын!

**Құмар Коныскерей**
**Нұра аудандық мешітінің бас имамы**

# Ұлы Жеңіске мың тағзым!

Жеңіс күніне орай Майоровка ауылында «Мәңгілік полк» шеруі өткізіліп, барлық сынып оқушылары және ауыл




тұрғындары көшелерде жүріп өтті. Сондай-ақ, құрбан болған соғыс және тыл ардагерлері құрметіне ескерткіш тақтасына гүл шоқтарын қойылып, бір минут үнсіздік жарияланды.

Ардагерлер ұйымының жетекшісі Құнафиянов Б.Н., ауыл әкімі Бастенов М.Б., аудандық мәслихат хатшысы Оспанов Т.Х. тұрғындарды мерекемен құттықтады. Мерекелік концерт Абдолла Асылбеков атындағы ЖОББ мектебінің бағдарламасымен басталып, ары қарай ерлік, жігерге толы әндермен жалғасын тапты. Мереке барысында 8-сынып оқушысы Мұқаш Алуа оқыған «Мәншүк монологы» көрермен қауымның көңілінен шықты. Абылғазы Нұрдәулет, Досмағанбетов Жалғас, Азимбай Рауан, Мылтықбай Диас, Болатбек Айқындардың (жетекшісі - Ермекбаева Дарина) «Барыңды бағала» атты көрінісі көрерменнің көзіне жас алдырды. Өнерлі қызымыз Омархан Жансая «Три танкиста» әнімен елді сүйсінтті. 8-қазақ сыныбының оқушысы Аман Аружан, Жакупова Диля «Әлия» әнін, Алпысов Мейрамбек, Рахимберлин Дәурен, Абдырахман Нұртас «Сапқа тұр!» әнімен, 2-қазақ сыныбының қыздары «Катюша» биімен халыққа мерекелік көңіл-күй сыйлады. 3-қазақ сыныбының оқушылары Ережепова Назерке мен Жанерке жауһар жырларымен елді қуантты. Бәрінен де Жакупов Абай ағамыздың өлеңі елге рух берді.

Өткен уақыттың естен кетпес естеліктерін жадыдан өшіру мүмкін емес, десе де өткен ұлы тұлғаларды ұлықтау - жас ұрпаққа міндет.

**Тоқан Сәбира**
**Майоровка ауылы**

*Ұлы Жеңіс күніне орай*

# Теңдесі жоқ тарихи жеңіс

«Жеңіс» атты қасиетті де қастерлі сөзді сыйлап кеткен аталарымыз бен ағаларымызға біз мәңгілікке қарыздармыз. 1418 күн мен түнге созылған адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыс Кеңес халқының жеңісімен аяқталған болатын.

Соғыс бітті, бірақ жыл сайын оның ұмытылмайтын



құдіретті күші – осы адам тағдырының бүгіні мен ертеңінің сабақтастығында. Соғыс зардабы көпке дейін оңалмады, әсіресе, адам жанында ауыр жарақат қалдырды. Ұлы Отан соғысына Қазақстан 1 миллион 366 мың адамын аттандырды. Статистика Жеңіс күніне олардың тек жартысының ғана аман жеткенін айтады. Қалғандары ұрыс даласында мәңгілікке көз жұмған. Ал бұл дегеніміз - республика халқының 11 пайызы еді. Қандай қасірет десеңші...

Жас ұрпақтың бойына Ұлы Отан соғысына қатысқан аға буынның ерлік жолдарына деген мақтаныш сезім, Отанына деген сүйіспеншілік, азаматтық жауапкершілік сезімдерін ояту мақсатында жыл сайын Жеңіс күніне арнап апталық жоспарлап, мектебімізде атап өтеміз. Биыл да сол дәстүрден алшақ кетпедік. Апта бойы Жеңіс күніне арналған қабырға газеттерін шығарып, ашық тәрбие сағаттарын, шығарма байқауларын, спорттық сайыстар мен ән байқауларын өткіздік. 9 мамыр күні өткізілген мерекелік митингіні ауыл әкімі Сейтқалиев А.Ш., мектеп директоры Сакимова С.О. ашты. Ауылымызда соғыс ардагерлері жоқ болса да, мерекелік шара барысында соғыста қаза тапқан әкесін, ағаларын еске алған ауылдың ақсақалдары көптеген мәліметтермен бөлісті. Митинг «Мәңгілік ДАҢҚ» шеруімен жалғасты. Сондай-ақ ардагерлер кеңесінің төрайымы Төлеубаева А. және мектеп ұжымы ұйымдастырған концерттік бағдарлама көпшіліктің көкейінен шығып, ілтипатқа бөленді. Мерекелік іс-шарада аудандық «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әндер» байқауында жүлделі ІІІ орынға ие болған Асилбеков Н. және Омуртаев Р. әндерін шырқады.Оқушылар мен қонақтар естелік суреттерге түсті.

Ұлы Отан соғысы елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсірді. Отан алдындағы борышын ақтап, қанды қырғын соғысты тұншықтырып, ұрпағына бақыт әкелген ардагерлерімізге мың алғыс айтамыз. Қазіргі біздің сәулетті өміріміз үшін жас жанын қиып, кеудесін оққа тосқан батырлар ерлігін жас ұрпақ есінде қалдыру - бәріміздің азаматтық борышымыз.

**К.И. Амирбекова**
**Д.Шалабекұлы атындағы**
**негізгі орта мектебі**

# Жеңіс – елге мұра, ұрпаққа – үлгі

9 мамыр – бүкіл халық үшін ұлы мейрам.

Қарой ауылының тұрғындары, мектеп оқушылары шеруге қатысып, Ұлы Отан соғысында құрбан болған аталарымыз бен әкелерімізді, мәңгі жас болып, жадымызда сақталған жауынгерлер мен офицерлер рухын, бейбіт кезеңде дүниеден өткен ардагерлерді еске алды. Олардың көрсеткен ерліктеріне бас иіп, тағзым етіп, монументке гүл шоқтарын қойды.



Қасиеті мен қасіреті қатар өрілген Ұлы Жеңістің 73 жылдық мерекесі қарсаңында етігіне қан толып, толарсағымен саз кешкен жылдары оқ дауылының ішінде аттан салған жауынгерлер мен шейіт болған талай боздақтарды еске алып, «ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес» демекпіз. Бұл сөз өткенге емес, болашаққа арналған. Біз ерлігі ешқашан өшпейтін боздақ батырларымызды мақтан етеміз, тылда еңбек еткен абзал аналарымыздан үлгі аламыз.

**Б. Абенова**
**Қарой ауылының кітапханашысы**

# Ерлер есімі - ел есінде

Жеңіс күні! Ерлік пен даңқтың мерекесі! Ерлік үшін емес, елін қорғауға аттанғандарды еске түсіретін күн! Изенді ауылы да Жеңіс күнін ерекше атап өтті. Ауылдың саябағындағы «Ер есімі - ел есінде» атты ескерткішінің маңына мерекелік салтанатты жиынға Жариясұлы жиналған халыққа жеткізді. Құттықтау сөз кезегін ауыл әкімі Балабиев Ж.А., мектеп директоры Қыдырғанбеков Е.Е. және аудандық мәслихаттың депутаты Жақантай Т.Ж. жалғастырды. Салтанатты жиын мерекелік концерт-




ауыл тұрғындары жиналды. Мектеп оқушылары ауылымыздың Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміздің фотосуреттерін «Мәңгілік полк» ретінде көрсетті. Қайтып келмес , бірақ тарих беттерінде мәңгі қалған, қаза тапқан батырларды жиынға қатысушылар бір минут үнсіздікпен еске алды. Ауыл имамы Сәрсембеков Балғабай ағамыз батырлардың рухына арнап құран бағыштады. «Отқанжар» ЖШС-нің, ауыл әкімі аппаратының, Нұра ЖОББМ-нің және бюджеттік орталығының атынан ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Жеңіс күні қуанышпен қатар, оралмағандар үшін жүректе қасірет ізін қалдырған мереке екенін сөз кезегін алған «Отқанжар» ЖШС басшысы Отарбаев Қанат пен жалғасын тапты. Мүмкін еместі мүмкін етіп, қиындыққа төзіп, майданда және тылда ерен ерлік көрсеткен, Отан қорғау жолында өліспей беріспеген соғыс ардагерлеріне, майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің рухына бас иіп, тағзым етеміз! Изенді ауылында тыл еңбеккері Төлеуова Шайда апамызға мерекелі де салтанатты күні амандық пен саулық, ұзақ өмір, әр жыл сайын өзіңізбен Жеңіс күнін бірге қарсы алу бақыты бұйыра берсін демекпіз.

**А.К. Абильдинова**
**Мәдениет үйінің меңгерушісі**

# Желбіре, Жеңіс жалауы!

Жетпіс үш жыл бейбіт таңы атқалы,
Жетпіс үш жыл шуақ нұрын шашқалы.
Есімізде жетпіс үш рет сонан бері,
Ашылды Жеңіс күннің парақтары.

Бүгінгі тамаша күнге жеткізген азаматтар етігімен су кешіп, сұр шинельді төсек етіп, ақ қар, көк мұз жастанып, жаумен шайқасқан асыл әкелер мен әз ағаларымыздың, абзал ағаларымыз бен есіл ерлеріміздің батырлығына тағзым ете отыра, біздің Көбетей ауылында Ұлы Жеңістің 73 жылдығына арналған үлкен іс-шара ұйымдастырылды.

Р.Асубаев атындағы ЖОББМ-нің оқушылары, ұстаздары және ауыл тұрғындары «Жауржүрек полк» шеруімен өтті. Ардагерлерге арналған ескерткішке гүл шоқтары қойылып, бір минут үнсіздік жарияланды. Мерекелік жиын мемлекеттік әнұранмен ашылды, Көбетей ауылының имамы Хамзин С.Б. құран бағыштады. Ауыл әкімі Бикенов Х.М., Р.Асубаев атындағы ЖОББ мектебінің директоры Балтабаев Қ.Б. құттықтау сөздерінен



кейін, ардагерлер ұйымының төрайымы Алибекова Ш.М.,тыл ардагерлері Ремесник Ф.И., Тажмаганбетов Қ. игі тілектерін жеткізді. Оқушылардың қатыстырылуымен әдеби монтаж ұйымдастырылды. Іс-шара Мәдениет үйінде өткізілген мерекелік концертпен жалғастырылды. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, Мәдениет үйі мен мектеп ұстаздары, оқушылардың қатысуымен соғыс жылдарындағы әндер айтылып, билер биленіп, соғыс уақытындағы көріністер көрермендер назарына ұсынылды. Ауыл кітапханашысы Тажмаганбетова М.Қ. «Ұлы Жеңіске мың тағзым» атты кітап көрмесін дайындады .

Өткізілген мерекелік концертке қатысушылардың барлығы көрермендердің қошеметіне бөленді. Ұлы Жеңістің 73 жылдығына арналған іс-шара жоғары деңгейде өтті.

**Н.Ж. Абильдина**
**Р.Асубаев атындағы ЖОББМ тәлімгері**

*К 73-ей годовщине Великой Победы*

# Знаем! Помним! Гордимся!

Над мирными крышами ласточки вьются,
И мирное солнце встаёт за рекой,
И в наших сердцах навсегда остаются
Отдавшие жизни за этот покой…

Каждый год в майские дни наш народ вспоминает грозные годы войны, чтит память павших воинов, кланяется отцов и дедов. Пройдя в День Победы в колонне «Бессмертного полка», мы тем самым сохраняем в каждой семье память о солдатах Великой Отечественной войны. Жители села, педагогический коллектив и учащиеся школы приняли активное участие в проведении шествия




живым. Хотя прошло более полувека со Дня Победы, но время не властно над памятью людей разных поколений. К этому знаменательному дню в школе прошло концертное мероприятие «Знаем! Помним! Гордимся!». Был проведен конкурс рисунков на тему «Поклонимся Великим тем годам!». Учащиеся с большим энтузиазмом подошли к празднованию этого праздника. С сопереживанием и пониманием, со слезами на глазах учащиеся школы исполняли песни военных лет. Были инсценированы лето 1941 года, известие о начале войны и проводы ребят на фронт. Артистично, красиво и с душой ребята сыграли данную сценку, прочитали стихи о великих командирах и о бессмертных подвигах солдат.

В руках каждого идущего в "Бессмертном полку" - судьба родного человека, судьба целой страны в те, уже такие далекие для нас, военные годы. Если не поддерживать связь поколений, время сотрет в памяти даты, подробности, факты героического подвига наших Бессмертного полка. С приветственным словом к жителям села обратились директор ТОО «Кайнар» Ныгметов С.А, аким села Оралбаев Н.А. В этот день мы отдаем свой долг тем людям, благодаря которым сейчас живем. Так давайте отдадим его весь, а не по крупицам, не по крохам, без экономии. Это наш священный гражданский долг перед теми, кто дал нам жизнь сегодня и надежду в будущее! Люди отдают дань любви и уважения воинам-освободителям, помнят тех, кто погиб, защищая мир от фашизма. В память о них воздвигнуты мемориалы славы, обелиски, на братских могилах никогда не увядают цветы. Тема войны всегда тяжела и больна для души. Наши дети знают и понимают это, они ценят ту великую и высокую цену за нашу мирную жизнь.

**А. Ахметова**
**зам.директора по воспитательной работе КГУ «Опорная школа (РЦ) «Щербаковская ОШ»**

*К 73-ей годовщине Великой Победы*

# За мирное небо и смех детей

В эти майские дни мы снова и снова с глубокой признательностью вспоминаем ветеранов и участников войны. Тех, кто своими героическими подвигами приближал Великую Победу. Годы войны уходят от нас в прошлое. Сменяются поколения. Мы живем в мирное время, но память о подвиге народа в Великой Отечественной войне всегда остается в истории и в наших сердцах.

Детство и юность Титаренко Раисы Степановны выпали на трудное время. Рано потеряв отца и мать, воспитываясь у тетки, она мечтала работать самостоятельно. Но, в 1941 году, закончив Криворожское медицинское училище, она успела поработать в родной Старой Лазоватке, что на Украине, лишь два месяца. Потому что после слов военкома «Родина требует!», на хрупкие плечи 18-летней девчонки легла неженская тяжесть войны. Вместе с подругами ее зачислили в 25-й Уманский танковый полк имени Богдана Хмельницкого, который отправили на защиту Сталинграда.

За суровые годы войны Раечке многое пришлось пережить. Но битву под Сталинградом она особенно помнила. Скользкий от крови лед Волги, замерзшие трупы, стонущие раненые... Свистят пули, трещат пулеметы, горят танки. Страшно! Но нужно помочь раненым. Переборов страх, она ползла и тянула за собой окровавленных танкистов. Согнувшаяся под тяжестью санитарной сумки и тяжелых тел солдат, она не вела им счет. О себе некогда было думать. На бегу одного отправляла в передвижной госпиталь, второго перевязывала на ходу, а рядом пересохшими губами шептал другой. Ползая по волжскому льду, в редкие минуты передышки не могла снять тяжелые огромные валенки, приходилось даже резать их для того, чтобы освободить ноги с обмороженными пальцами. «…Не могу никак поверить в то, что я осталась жива. Вынести такое очень тяжело», - говорила Раиса Степановна.

Уманский 25-й полк участвовал и в освобождении Румынии, Венгрии, Польши. До Берлина Раиса Степановна не дошла несколько километров. В восьми километрах от столицы поверженного Третьего рейха встретила Победу. Но на этом для нее война не закончилась. Ее направили в передвижной госпиталь советских войск в Бухарест, где работала там до сентября 1945 года.

С 10 августа 1941 года по 20 сентября 1945 года она прошла путь от фронтовой мед.сестры до звания старшины мед.службы. За свои ратные подвиги Тита-



ренко Раиса Степановна награждена орденом «Отечественной войны», медалями «За отвагу», «За оборону Сталинграда», «За взятие Будапешта» и многими юбилейными медалями.

